

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ ШАҒЫМДАНУШЫ:

ШАҒЫМДАНУШЫ: Жарылқап Бақдаулет Кембайұлы
ЖСН 980707301054

мекенжайы: Шымкент қаласы, Бекет батыра көшесі
+7 708 251 6223

ШАҒЫМ

дербес деректері заңсыз өңдеу және абыройға кір келтіретін мәліметті тарату туралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ.

Мен, «Kaspi Bank» АҚ-дан (бұдан әрі - Банк) Банктік қарыз шарттары негізінде несие алдым. Бүгінде 19 мамыр 2023 жылы осы БҚШ бойынша берешегімді талап ету құқығы коллекторлық компанияға өткені туралы айтып, өздерін тиісті түрде таныстырмай, әдепсіз сөйлеп, дәрекілік танытып, бопсалауға жол беріп, белгісіз біреулер хабарласады. Тіпті беймезгіл қоңырау шалып, ыңғайсыздық жасайды. Өздерін жеке сот орындаушысы, Әділет департаментінің құжаттар тіркеу бөлімі, жеке сот орындаушысы көмекшісі тағы да басқа мемлекеттік орган қызметкерлері ретінде таныстырады. Олар лауазымды өздеріне заңсыз жүктеп алып отырғанға ұқсайды. Өйткені маған мұндай лауазым иелері хабарласпайды. «+7 778 2926075» номерімен өзін жеке сот орындаушысымын деп таныстырған азаматша «Астана уақытымен сағат 17.00-ге дейін 1 092 928 (миллион тоқсан екі мың тоқсан жүз жиырма сексен) теңге төле, төлемеген жағдайда туыстарыңның шотын арестке қойып, жүргізуші куәліктері арестке кетеді. Құжаттарын аресттен шешу үшін әрқайсысы 360 000 теңге департаментке төлейді» - деп қорқытты. анам Үсенбекова Айнагул 87059750046, туысым Рамазанов Айгерим 87015555095, Алипбекова Бағыла 87072136055 хабарласып, сыныптастарыма «Бақдаулеттің қарызын төлеп беріңдер, әйтпесе шоттарың арестке кетеді, айлықтан устап қаламын!» - деп мазалаған. Мұнан соң, 16.00-де қайта хабарласты анамға, видео запись қосылған, жоғарыда айтылған сөздерден кейін анамның денсаулығы сыр беріп, қоңырауларына жауап бере алмадық. Өзін, жеке сот орындаушы, есімім Дулат деп таныстырған азаматша осылай айтқан- «Сізге берілген уақыт бітті, 1 сағат уақыт өтті. Енді туыстарыңа хабарласпаймын, олардың шоттарын арестке қоямын. Аресттен шешу үшін әрқайсысы 360 000 теңге департаментке төлейді!» - деп телефонды қойып тастады. Олардың әрекеттерінің заңсыздығын алға таратқан болатынын ал ол «5 минутта көре сал, бүкіл туыстарыңның шотын арестке қоямын. Қайтадан звндап, осылай атқан- «Мамаңыздың барлық шоттары арестте, ешқандайда перевод жасап, ақша шеше алмайды. Енді Айгерим деген кісіге ескерте салыңыз, оның шотын 5 минутта арестке қоя саламын. Менің әрекеттерім заңды. Заңда отырып, заңсыз әрекеттерге бармаймын, заңсыз болса арестке қоймаймын. Жеке банктен барып кредит алып, төлемей қашып жүрген мошшениксіңдер. Сен де, маманда мошшениксіңдер» - деп құқығымызды аяққа таптап хабарласты. Бұл сөздер маған психологиялық қысым болды. Өзімді жәйсіз сезініп, моральдық ауыртпашылық сезіндім. Білген сәттен тіпті де өзімді қоярға жер таппай, ашуға берілдім. Коллекторлардың бұндай әрекеттерінен заң нормаларын өрескел бұзуға жол берілгендігін аңғаруға болады. Бұл адамдардың Банкке қатысы бар екені белгілі. Олар менің дербес деректерімді Банктен алған немесе заңсыз негізде алған. Өйткені мен де, туыс, таныстарым да ешкімге дербес деректерді алуға рұқсат бермеген.

Осы тұста Банк және коллекторлық агенттік қызметкерлері заң талаптарын өрескел бұзып отыр.

Банк тарапынан Төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қолданылатын шаралар қабылданбаған, тиісті хабарламалар жолданбаған.

Банк ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының (бұдан әрі – Заң) 36-бабында төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты қолданылатын шараларды қолданбаған. Банктің бұл норманы орындағанын растайтын құжаттарды алдырып тексеру керек.

Берешекті сотқа дейін өндіріп алу үшін коллекторлық агенттікпен шарт жасау тәртібін сақтамаған.

Заңның 36-бабының 2-1-тармағына сәйкес Қарыз алушы осы баптың 1-1-тармағында және осы Заңның 34-1-бабының 8-тармағында көзделген құқықты іске асырмаған. Ал, Заң бойынша мұндай әрекеттер жасалмаған жағдайда Банктің берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге құқығы жоқ.

Банк несие бойынша талап ету құқығын коллекторлық агенттікке берудің тәртібін сақтамаған.

Банк Заңда көзделген талапты сақтамай, ол жөнінде мені хабардар етпей несие бойынша құқықты (талап етуді) коллекторлық агенттікке бергенге ұқсайды. Ешбір Коллекторлық агенттік бұл жөнінде хабардар етпеді. Банк Заңның 36-1-бабының 7-тармағына сәйкес осы жөнінде хабардар етуге міндетті. Коллекторлық агенттік ҚР Азаматтық кодексінің 342, 735-баптарына сәйкес талап ету құқығын растауға міндетті. Алайда, не банктен, не коллекторлық агенттіктен мұндай дәлелдер мен хабарлама болмады. Осыған байланысты тексеру жүргізіп, барлық материалдарды алдырып, зерттеу қажет.

Банк заңда бекітілген тәртіп пен талапқа сәйкес хабардар етпей менің дербес деректерімді ешкімге беруге құқығы жоқ.

Заңның 36-1-бабының 7-тармағына сәйкес банк қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні туралы хабардар етуге міндетті.

Банк бұл жөнінде мені (қарыз алушыны) хабардар етпеген.

Банк құпиясы Заңның 50-бабында, **Коллекторлық қызмет құпиясы** ҚР «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 11-бабының 1-тармағында бекітілген.

ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының 11-бабының 1-2 тармақтарына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректер өздеріне белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті. Құжат «Заң Заңғары» ЖШС-да әзірленген.

Бұл талаптар Банк тарапынан сақталмаған. Өйткені бейтаныс адамдар заңсыз қоңыраулар шалып отыр.

ҚР Қылмыстық кодексінің 147-бабының 1-бөлігіне сәйкес Дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды қолдану міндеті жүктелген адамның мұндай шараларды сақтамау қылмыс болып табылады.

Осыларға байланысты тексеру жүргізіп, дербес деректердің заңсыз таратылуына жол берген банктің лауазымды тұлғаларын анықтау қажет!

Коллекторлық агенттік қызметкерлері заңды өрескел бұзуға жол беріп отыр.

1. Өздерін таныстырмайды, Заңда бекітілген мәліметтерді бермейді.

ҚР «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 5-бабының 2-тармағының 1)-тармақшасында Коллектордың Қарыз алушыға мәлімдеуге міндетті ақпарат тізімі бекітілген. Бұл адамдар ондағы ақпаратты айтпайды, бермейді.

2. Олар Қарыз алушымен өзара іс-қимыл кезінде Заңда көзделген тәртіпті сақтамайды.

ҚР «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 5-бабының 2-тармағының 2), 3), 4) 5) тармақшаларында бекітілген талаптарды сақтамайды. Кез келген уақытта хабарласады. Жалған ныпсымен танысады. Қорқытады.

3. Олар коллекторлық қызметті жүзеге асыруға өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмесін бермейді.

ҚР «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 5-бабының 2-тармағының 5) - тармақшасына сәйкес Коллектор борышкермен өзара іс-қимыл кезінде борышкердің талап етуі бойынша берешек мөлшерін растайтын құжатты және коллекторлық агенттіктің берешекке қатысты коллекторлық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмесін бере отырып жүзеге асырылуға тиіс.

4. Коллектор өзара іс-қимыл процесін аудиоға тіркемейді.

ҚР «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 5-бабының 2-тармағының 6)-тармақшасына сәйкес Коллектор өзара іс-қимыл процесін аудио- немесе аудиотіркеуі бар бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеуге міндетті.

Банктің, Коллекторлық агенттік қызметкерлерінің әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері байқалады.

1. Жоғарыда атап өткендей Коллекторлар лауазымды өздеріне заңсыз жүктеп алып отырғанға ұқсайды.

Олардың бұл әрекетінде ҚР Қылмыстық кодексінің 390-бабында белгіленген құқық бұзушылықтың белгісі байқалады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 390-бабына сәйкес билік өкілінің немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иемденіп алу дегеніміз - билік өкілеттіктерін алу мақсатында билік өкілінің немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды адамның атағын өз бетімен иемденіп алу болып табылады.

2. Банк қызметкерлері, Коллекторлар өтірік атпен хабарласып, ақшаны қорқытып қайтаруға әрекет жасайды.

Олардың бұл әрекеттерінде ҚР Қылмыстық кодексінің 194-бабында белгіленген құқық бұзушылықтың белгілері байқалады.

Қылмыстық кодексінің 194-бабына сәйкес қорқытып алушылық, яғни күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтеннің мүлкін немесе мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттер жасауды талап ету болып табылады. Банктің, Коллекторлық агенттіктің қызметкерлері болсын дербес деректерімізді өзгелерге жария етіп отыр. Құжат «Заң Заңғары» ЖШС-да әзірленген.

Банктің, Коллекторлық агенттіктің қызметкерлері туысқандарыма кредит алғаным туралы, төлемей жүргенім туралы мәлімдеп, жеке басымның және банк құпиясын жария етіп отыр.

Олар менің Банк алдындағы қарызым туралы анама, сіңіліме, тіпті, інімнің таныстарыма да хабарласып жария еткен.

Бұл адамдардың менің туған-туыстарым, достарым туралы ақпаратқа, олардың дербес деректеріне қалай қол жеткізгені белгісіз. Өйткені бұл деректерді тек қана олардың келісімімен ала алады. Олар отбасым, таныстарым, туыстарым туралы мәліметтерді заңсыз жинап отыр деп санаймын.

Банк құпиясы Заңның 50-бабында, ал, Коллекторлық қызмет құпиясы ҚР «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 11-бабының 1-тармағында көрсетілген.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 50-бабының 2-тармағына және ҚР «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 5-бабының 2-тармағының 7-тармақшасына сәйкес мұндай құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға кепілдік береді.

ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының 11-бабының 1-2 тармақтарына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректер өздеріне белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

ҚР Азаматтық кодексінің 144-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтың жеке бас құпиясын, оның ішінде хат алысу, телефон арқылы сөйлесу, күнделіктер, естеліктер, жазбалар, ішкі жан сыры, бала асырап алу, туу құпиясын, дәрігерлік, адвокаттық құпияны, банктік салымдар құпиясын сақтауға құқығы бар.

ҚР «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 20-бабына сәйкес коллекторлық қызмет туралы заңнаманы бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының 20-бабында Дербес деректердің қорғалуға жататыны және оған мемлекет кепілдік беретіні бекітілген.

ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 147-бабының 1-бөлігіне сәйкес Дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды қолдану міндеті жүктелген адамның мұндай шараларды сақтамау қылмыс болып табылады.

Жоғарыда аталған адамдардың Банкке қатысы бар екені белгілі.

Өйткені кредит берген банк белгілі. Оның қарызын қайтаруды талап етуге Банктің не ол жалдаған Коллекторлық агенттік құқылы. Қарыз алушыға қатысты барлық мәліметтерді Банк береді.

Сонымен бірге олардың кімдерге менің дербес деректерімді заң талаптарын сақтамай бергенін анықтау бағытында жұмыстар жүргізу қажет деп санаймын.

Егер бұл адамдар Банк немесе Коллекторлық агенттік қызметкерлері болмаса, менің қолжетімділігі шектеулі дербес деректеріме белгісіз тұлғалардың қол жеткізгенін білдіреді.

Мұндай жағдайда, Банк менің дербес деректерімнің құпиялылығын сақтау міндетін бұзғанын білдіреді.

Жоғарыда баяндалған жағдайлар бойынша құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында Банктің және Коллекторлық агенттіктің әрекеттеріне қатысты тексеру жұмыстарын жүргізіп, әрекеттерінде заң бұзушылық фактісінің бар-жоқтығын анықтау керек деп санаймын.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 9-бабына сәйкес Әркім бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға,

лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Құжат «Заң Заңғары» ЖШС-да әзірленген

Кодекстің 64-бабының 1-тармағына сәйкес осы Кодексте белгіленген тәртіппен берілген жолданым міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады. Жолданымды қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

Жоғарыдағылардың негізінде және ҚР «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заңының 36, 36-1, 50-баптарын, ҚР «Коллекторлық қызмет туралы» заңының 5, 11-баптарын және Кодекстің 9, 64 баптарын басшылыққа ала отырып Сізден мыналарға **дербес тоқталып**, жұмыс жүргізуді **СҰРАЙМЫН:**

1) Банктің төлемге қабілетсіз Қарыз алушы - маған қатысты Занда көзделген шараларды қолданғанын тексеруді, заңды бұзған жағдайда жауапқа тартуды және жүргізілген жұмыстар туралы барлық құжаттарды маған алып беруді;

2) Банктің Берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікпен шартқа отыру тәртібін сақтағанын тексеруді, заңды бұзған тұлғаларды жауапқа тартуды және жүргізілген жұмыстар туралы барлық құжаттарды маған алып беруді;

3) Банк талап ету құқығын Коллекторлық агенттікке берген жағдайда заң талаптарын сақтағанына тексеру жүргізіп, жауапты тұлғаларды жауапқа тартуды;

4) Банкте құпия сақталуға тиіс Қарыз алушының дербес деректері үшінші тұлғаларға мәлім болуына байланысты Банктің әрекетіне тексеру жүргізіп, жауапты тұлғаларды анықтап, қылмыстық қудалау органдарына хабарлауды;

5) Банктің, Коллекторлық агенттік қызметкерлерінің менімен өзара іс-қимыл процестерінің аудиожазбаларын алып тексеруді, оларды маған алып беруді және жауапқа тарту үшін қылмыстық қудалау органдарына хабарлауды;

6) Банкке несие бойынша үшінші тұлғаларға (таныстарға, туыстарға, жұмыс орныма) хабарласуды доғару туралы нұсқама беруді және оның берілгені жөнінде дәлелді маған жолдауды;

7) мына нөмірлермен хабарласқан адамдарды анықтауға, олардың жасаған қоңырауларының аудиожазбаларын алып тексеруді және әрекеттері бойынша жауапқа тарту мәселесін шешуді, сондай-ақ **бұл факті бойынша Құқық қорғау органдарына мәлімдеуді: -**

«87014391112, 87014209818, 87018727684, 87014836629, 87782926075» номерінен хабарласқан, жеке сот орындаушысы, Дулат деген азаматшаны; осы номерлері ресми ретінде Коллекторлық агенттігіне тіркелген

8) Несие шарты бойынша берешекті қайта қаржыландыруды, алғашқы төлем 100 000 тг қойып, ай сайынғы төлем **50 000 теңгеден** төлейтіндей жаңа график шығарып беруді

9) Осы шағымда көтерілген әр сұраққа дербес тоқталып, жауап беруді;

- осы шағымға жауапты қағаз күйінде жолдама (ілеспе) хатпен мекенжайыма жолдауды және электронды нұсқасын электронды поштама жолдауды.

Қосымша:

- 1) Кредитті қайтаруды талап етіп заңсыз қоңырау шалған бейтаныс адамның немесе Коллекторлық агенттік қызметкерінің ұялы телефон нөмерлері (таныстарға, туыстарға, жұмыс орнына харласқанға қатысты) тізімі – көшірме;
- 2) Кесте жасауға сұраймын, алғашқы төлем 100 000 төлеп, айына 50 000 тг төле аламын.
- 3) Бұғаттан шешу сұраймын
- 4) Растау құжаттар
- 5) Бейнежазба

ШАҒЫМДАНУШЫ,

Жарылқап Бақдаулет Кембайұлы


